

Қазақстан Республикасы Парламент депутаттығына кандидаттардың сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысы 1995 жылғы 10 қазан N 17 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 мамыр N 303 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 110/134 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 28, 29-баптары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Аумақтық және округтік сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің өз округтерінде депутаттыққа белгілі бір кандидатты жақтап кедергісіз үгіт жүргізу құқықтары туралы ережелерін кеңінен түсіндіруді ұйымдастырсын.

Сайлау комиссиялары мемлекеттік органдармен келісе отырып депутаттыққа кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылар алдында көпшілікке сөз сөйлеуі үшін отырыс залдары мен басқа да жайларды тегін б е р е т і н б о л с ы н .

Сайлау комиссиялары тиісті облыстардың, қалалар мен аудандардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарымен келісе отырып әрбір депутаттыққа кандидаттың Орталық сайлау комиссиясы оның сайлау науқанына бөлген қаражатынан төленген жағдайда қазақ немесе орыс тілдерінде өз бағдарламасымен сөз сөйлеу және жарнамалық хабарландыру беру мүмкіндігін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Депутаттыққа кандидат немесе өзге адам таратқан баспа үгіт материалдары мен саяси жарнамада осы материалды шығарған ұйым, олар басылған жер мен таралымы, оларды шығаруға жауапты адамдар туралы мәліметтер мазмұндалуға т и і с .

Тиісті облыстардың, қалалар мен аудандардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары депутаттыққа кандидаттар туралы сайлау комиссиялары берген деректерді жедел жариялайтын болсын.

2. Аумақтық және округтік сайлау комиссиялары кандидаттың бағдарламасы конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, Республика тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігін әлсірету, соғыс әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни,

әлеуметтік-тектік және рулық астамшылық, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табыну идеяларын жариялауға тиіс еместігін ескерсін.

Дауыс беру күні алдындағы соңғы күні және дауыс беру күні үгіт жүргізуге, сайлау учаскелері мен сайлау комиссиялары орналасқан үйлерде көрнекі материалдар ілуге, беймәлім үгіт материалдарын таратуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлау алдындағы үгітке қатысуына жол берілмесін.

Сайлау науқанын өткізу кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір кандидатқа, қоғамдық бірлестіктерге, сайлау алдындағы бағдарламаларға артықшылық бермеуге тиіс.

Осы аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиялары кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімді жоюға құқылы.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы